



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

13.11.2019 жылы жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Б.М. Сапарбаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бердібек Машбекұлы!

Баршамыз білетіндей, қазақстандық ұйғырлардың қазақ жерінде-Ұлы даламызда өмір сүріп жатқанына бірнеше ғасырдың жүзі болды. Көпұлтты Қазақстан халқының ажырағысыз бөлігі ретінде ұйғырлар барлық қазақстандықтармен бірге еліміздің игілігі үшін еңбек етіп, мүддесін қорғап келеді.

Мемлекет басшылығы ел азаматтарына қамқорлық жасай келе көпұлтты Қазақстан халқының ұлттық болмысы мен мәдениетін сақтауға барынша жағдай жасауда.

Айталық, қазіргі кезде республикамызда ұйғыр тілінде хабар тарататын «Ұйғур авази» атты республикалық апталық газет жұмыс істейді. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жанында Ұйғыртану орталығы қызмет етеді. Алматы қаласында Құддыс Қожамьяров атындағы әлемдегі жалғыз Мемлекеттік академиялық ұйғыр театры жұмыс істеп тұр.

Республика бойынша ұйғыр тілінде сабақ берілетін 68 мектеп қызмет етеді және оларда ұйғыр тілінен бөлек мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдері оқытылады. Бұл мектептердің мұғалімдерін жалғыз жоғары оқу орны дайындап, қажетті педагогтармен қамтамасыз етіп келген еді.

Атап айтқанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 1956 жылдан бастап ұйғыр тілі мен әдебиеті бөлімі жұмыс істеді. Бұл университетті бітірушілер мектептерде, ұйғыр тіліндегі газет-журналдар баспаларында, Ұйғыр театрында жұмыс істеп, ғылыми диссертациялар қорғап, Қазақстанның ғылымына өз үлестерін қосумен болды.

Бірақ 2003 жылы бұл бөлім белгісіз себептермен жабылып қалды.

Нәтижесінде соңғы 16 жыл бойы ұйғыр этноұйымдары, соның ішінде мектептер кадрлармен қамтамасыз етілмей қалды. Бүгінде ұйғыр тілінде сабақ беретін мектептерде ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің жетіспеушілігі аса қатты сезіле бастады.

Көптеген мұғалімдер зейнетақы жасында немесе зейнетке жақын қалған азаматтар. Сондықтан алдағы жылдарда бұл мәселе күрделене түсетіні айқын болып тұр.

Құрметті Бердібек Мәшбекұлы, орын алған жағдайды ескере отырып ұйғыр этноұйымдарын кадрлармен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймыз.

Әрине, еліміздің әртүрлі сала мамандарын ұйғыр тілінде оқытып, дайындап шығара беруіне мүмкіндігі жоқ. Сондықтан отандық бір жоғары оқу орны базасында, мысалы Абай атындағы ҚазҰПУ жанында ұйғыртану кафедрасын қайта ашуға болады деп есептейміз. Сонымен қатар:

1. Ұйғыр бөліміне оқуға түскісі келетін талапкерлерге ҰБТ-дан бөлек ұйғыр тілінде ЭССЕ жазуды қарастыру;

2. Аралас мамандықтарды дайындауды (мысалы ұйғыр тілі+қазақ тілі+шет тілі+тарих, сондай-ақ бастауыш класс) ұсынғымыз келеді.

Біздің ойымызша бұл қадам мектептерді, баспаларды, ғылым саласын дайындалған кадрлармен қамтамасыз етуге, ұйғыр тілі мен әдебиетін қолдауға септігін тигізіп, Елбасы Н.Назарбаев пен ел Президентінің Қазақстанды мекен еткен халықтың болмысы, мәдениеті мен дәстүрін сақтау мен дамытуға негізделген бағытына сай келеді деп білеміз.

Қабылданған шаралар жөнінде заңнамада көзделген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**«Нұр Отан» партиясының депутаттық
фракциясының мүшесі
«Халық коммунистері»
партиясының депутаттық
фракциясының мүшесі
«Ақжол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының мүшесі**

*орын: М.Ырысбекұлы
тел: 74-65-23*

**Ш. Нурумов
С. Абдрахманов
В. Божко
Н. Жумадильдаева
Р. Ким
Н. Микаелян
А. Мурадов
Ю. Тимощенко
Ш. Хахазов
С. Сейдуманов**

Т. Сыздықов

К. Абсатиров